

**«Сарыжар ЖОББМ» КММ 2023-2024 оқу жылындағы 10А класындағы**

**тәрбие бойынша атқарылған есебі**

10А класында барлығы тоқсан басында 13 оқушы, тоқсан аяғында 13 оқушы, яғни 9 қыз, 4 ұл бала аяқтап отыр. Гуманитарлық бағыты бойынша оқытылады. Сынып жалпы барлық жағынан белсенді, ұйымшыл. «Білім мен тәрбие егіз» -демекші, білім сапасы 34 % көрсетіп отыр. Оқушылардың әлеуметтік жағдайлары жақсы қамтылған.

Тәрбие жоспары «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша әзірленді.

**Бағдарламаның мақсаты:**

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық

пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

**Бағдарламаның міндеттері:**

**Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу; адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

**Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату; отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын

болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

**Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

**Қыркүйек** – білім айы;

**Қазан айы** – алаш азаматтарының ұлықтау айы;

**Қараша айы** – поэзия айы;

**Желтоқсан** – « Қазақстан –ұлы дала елі »

**Қаңтар** – ұлттық код айы;

**Ақпан** – оқуға қуштарлық айы;

**Наурыз** – ұлттық салт- дәстүрді дәріптеу айы;

**Сәуір** – экологиялық мәдениет айы;

**Мамыр** – бейбітшілік пен татулық айы.

**1.Жоспар бойынша – өткізілген тәрбие сағаттары**

2023-2024 оқу жылында оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды, адамгершілік пен патриоттық сезімді қалыптастыру мақсатында жыл бойына бекітілген жоспарға сәйкес тәрбие сағаттары өткізілді.Барлығы 33 тәрбие сағаты жоспарланып, оның ішінде 30

сағат толық өткізілді. Сабақтар аптаның белгіленген күнінде өткізілді, оқушылардың қатысу белсенділігі жақсы деңгейде болды.

**Жыл бойғы тақырыптық бағыттар:**

А

**Қыркүйек** – білім айы;

**Қазан** – алаш азаматтарының ұлықтау айы;

**Қараша** поэзия айы;

**Желтоқсан** « Қазақстан – ұлы дала елі »

**Қаңтар** – ұлттық код айы;

**Ақпан** оқуға қуштарлық айы;

**Наурыз** ұлттық салт- дәстүрді дәріптеу айы;

**Сәуір** экологиялық мәдениет айы;

**Мамыр** – бейбітшілік пен татулық айы.

П

Нәтиже және талдау:

Қамтылуы: Тәрбие сағаттарына 1–11 сынып оқушылары түгел қамтылды. Әр аптада кестеге сай өткізіліп отырды.

Сапасы: Сағаттар интерактивті әдістермен (пікірталас, сұрақ-жауап, видеоматериалдар көрсету) өткізілді. Оқушылардың қызығушылығы артты.

Ғ

Қиындықтар: Кейбір тәрбие сағаттарында техникалық құралдардың жетіспеуі, кей тақырыптардың оқушыларға күрделілігі байқалды.

Т

Оқушы белсенділігі: Жыл бойы шығармашылық жұмыстар, сурет салу, эссе жазу, сахналық қойылымдар арқылы оқушылар белсенділік танытты.

Ата-аналармен байланыс: Кей тәрбие сағаттарына ата-аналар да тартылды, бұл мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты арттырды.

**Ұсыныстар:**

Келесі оқу жылында заманауи әдістемелерді (интерактивті платформалар, цифрлық контент) көбірек пайдалану;

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай тақырыптарды нақтылау;

Мектеп психологымен бірлесе отырып, тәрбиелік сағаттардың психологиялық әсерін талдау;

Ата-аналармен тығыз жұмысты жалғастыру.

**Қорытынды:**

2023–2024 оқу жылында өткізілген тәрбие сағаттары жоспарға сай, жүйелі және мазмұнды болды. Оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға оң әсер етті. Алдағы уақытта бұл жұмыстар жалғасын тауып, жаңа әдістермен жетілдірілуі қажет.

Класс жетекшісі:



А.Х. Сандыбаева